

## Мемлекеттік су кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1378 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 19-1/718 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 36-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік су кадастрын жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетімен бірлесіп бес ай мерзімде Қазақстан Республикасының мемлекеттік су кадастрын жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 қаңтардағы N 75 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 3, 42-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 30-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*



т ұ т а с ;

су пайдалану туралы - мемлекеттік маңызы бар ішкі теңіздер, өзендер бассейндері бойынша, су шаруашылығы учаскелері, экономикалық аудандардың аумақтары, облыстар және Қазақстан Республикасы бойынша тұтас, сондай-ақ су пайдалану түрлері мен экономика салалары бойынша деректер қорытылады.

5. МСК-ны бөлімдер бойынша жүргізу Қазақстан Республикасының МСК автоматтандырылған жалпы ақпараттық жүйесі шеңберінде автоматтандырылған ақпараттық салалық жүйелер пайдаланылып жүзеге асырылады.

6. МСК жүргізу жүйесінің біртұтастығын (тиісті бөлімдер бойынша) қамтамасыз ету және жалпы мемлекеттік су кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган оның құрамына тепе-теңдік негізде су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органның, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның өкілдері енетін үйлестіру-сарапшылық кеңесін құрады.

7. МСК-ны бөлімдер бойынша жүргізу әдістерін және деректер құрамын, МСК-ны басып шығарудың нысандары мен мерзімін үйлестіру-сарапшылық кеңесінің ұсынуы бойынша су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен бірлесіп бекітетін нұсқаулықта айқындалады.

8. М С К жү р г і з у ү ш і н :

ақпарат жинау, оны бақылау, өңдеу, сақтау, автоматтандырылған деректер банкіні қалыптастыру әрі ақпаратты іске асыру;

мемлекеттік су кадастрының деректер банкіні қалыптастыру әрі жүргізу жөніндегі әдістерді, алгоритмдерді және машиналық бағдарламаларды әзірлеу м е н жү р г і з у ;

мемлекеттік су кадастрын жетілдіру мен жүргізу жөніндегі жұмыстарға басшылық жасау, оларды жоспарлау мен бақылау;

мемлекеттік су кадастрын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар, әдістемелік нұсқамалар мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеу;

су ресурстарын (су пайдалану) және олардың шаруашылық қызмет әсерінен өзгеруін ағымдағы және перспективалық бағалау;

мемлекеттік су кадастры басылымдарын баспасөзге шығаруға және жариялауға дайындау ;

мемлекеттік су кадастрын жүргізудің ұйымдық құрылымы мен тәртібінің және автоматтандырылған ақпараттық жүйенің жалпы қағидаттарын және ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу;

мемлекеттік су кадастрын жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары; ведомствоаралық ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

9. МСК басылымдарын баспасөзге шығаруға және жариялауға дайындауды су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органның, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның қатысуымен жүзеге асырады.

10. Материалдарды сақтау қағазда және электронды деректер банкінде жүзеге асырылады.